

№296 орта мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қаңтар – заң мен тәртіп айына» орай ұйымдастырылған «Жасанды интеллект және құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында ұшқыр ой алаңы интеллектуалды сайысына

Анықтама

Тақырыбы: «Жасанды интеллект және құқықтық мәдениетті қалыптастыру»

Мақсаты: Оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту, құқықтық сауаттылығын арттыру, технология мен құқықты байланыстыра білу дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық ойлау, сыни тұрғыдан бағалау және өз ойын дәлелдеп жеткізу қабілеттерін жетілдіруге, сондай-ақ құқықтық мәдениет пен ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағыттау.

Іс-шара барысында:

- Оқушылары белсенді қатысып, өздерінің зияткерлік қабілеттерін, құқықтық сауаттарын және шығармашылық ойлау дағдыларын көрсетті.
- Сайыс 5 кезеңнен тұрды, онда қатысушылар сұрақтарға жауап беру, пікірталас жүргізу, құқықтық жағдайларды шешу және жасанды интеллект тапсырмаларын орындау арқылы өз білімдерін дәлелдеді.

Күні: 19 қаңтар

Қатысушылар: 9 сынып оқушылары



Қорытынды: Ұшқыр ой алаңы интеллектуалды сайысы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Презентация, бейнематериал және практикалық тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін тәжірибеде қолдануды үйреніп, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытты, командалық жұмыс дағдыларын жетілдірді. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, өздерінің шығармашылық ойлау қабілеттерін көрсетті. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар марапатталды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Бисенова Аида

Педагог-ұйымдастырушы:

Кәрім Гүлнұр

**«Оқуға құштар» жобасы аясында «Бір кітап – мың идея»
тақырыбындағы іс-шараға арналған**

АНЫҚТАМА

2026 жылдың 27 қаңтар күні №296 орта мектебінде «Оқуға құштар» жобасы аясында кітапханашы Б. Мешітбаеваның ұйымдастыруымен «Бір кітап – мың идея» тақырыбында 8–9 сынып оқушылары арасында танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқыған көркем шығармаларын талдай білуге, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге үйрету.

Шара барысында оқушылар өздері оқыған әдеби кітаптардың мазмұнымен таныстырып, негізгі ойы мен тәрбиелік мәніне тоқталды. Қатысушылар шығармалардан алған әсерлерімен бөлісіп, өзара пікір алмасты.

Іс-шараға қатысқан оқушылар және таныстырылған кітаптар:

- Қасымхан Айдар – «Гарри Поттер»;
- Байниязова Амина – «16 жасар чемпион»;
- Серікбай Саян – «Жер жаһар ертегілері»;
- Асылбек Гүлсезім – «Шұғаның белгісі»;
- Муса Айзере – «Бақытсыз Жамал».

Аталған іс-шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыруға және кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті.



Видеоға сілтеме:

<https://www.facebook.com/share/r/1DTcBa7wmm/?mibextid=wwXifr>

АНЫҚТАМА

30 қаңтар күні №296 орта мектебінде 8–9 сынып оқушылары арасында «Мектептегі буллингтің алдын алуға мұғалім жауапты» тақырыбында дебат сайысы өткізілді.

Дебаттың мақсаты – оқушылардың буллинг мәселесіне қатысты көзқарасын калыптастыру, сыни ойлау қабілетін дамыту, өз пікірін дәлелді түрде жеткізе білуге және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Дебат сайысы барысында қатысушылар Үкімет және Оппозиция фракцияларына бөлініп, өз ұстанымдарын қорғады. Сайысқа «Елтаңба» және «Қырандар» топтары белсенді түрде қатысып, тақырып аясында өз ойларын нақты дәлелдермен ұсынды.

Сайыс нәтижесінде пікірталас мәдениетін жоғары деңгейде көрсетіп, дәлелдерімен ерекшеленген «Елтаңба» тобы жеңіске жетті.

Өткізілген дебат оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, буллингтің алдын алуда мектеп ұжымының, әсіресе мұғалімнің рөлі туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етті.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Педагог-ұйымдастырушы:
Дебат жетекшісі:

Бисенова Аида
Кәрім Гүлнұр
К.Нурдавлатова

№269 орта мектебінде 1-4 бастауыш сынып оқушылары арасында

«Қыс ғажайыптары» атты сурет көрмесіне арналған

Анықтама

26–30 қаңтар аралығында №296 орта мектепте 1–4 сынып оқушылары арасында «Қыс ғажайыптары» атты сурет көрмесі өткізілді.

Көрменің мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялын кеңейту, қыстың сұлулығын бейнелеу арқылы эстетикалық талғамын арттыру және көркемдік ойлау қабілетін қалыптастыру болды.

Көрмеге барлығы 25 оқушы белсенді қатысып, өз суреттерін ұсынды. Қатысушылардың ең үздік жұмыстары бағаланып, шығармашылық деңгейі, мазмұн мен көркемдік ерекшеліктері бойынша ерекшеленген оқушылар 1, 2 және 3 орындармен марапатталды. Сонымен қатар, көрмеге белсенді қатысқан оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

Аталған іс-шара оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және мектептегі мәдени және эстетикалық тәрбие жүйесін нығайтуға бағытталды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог – ұйымдастырушы:

Бисенова Аида

Кәрім Гүлнұр

№296 орта мектебінде «Мектебіне -кітап сыйла» акциясы

Анықтама

21 қаңтар күні өткізілген «Кітап — білімнің кілті, ал оны сыйлау — үлкен сауап» тақырыбындағы «Кітапханаға кітап сыйла» акциясының өткізілгенін растау үшін берілді. Аталған акцияға мектеп оқушылары мен ұстаздары белсене қатысып, кітапхана қорын толықтыруға өз үлестерін қосты. Іс-шараның негізгі мақсаты — оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білімге құштарлықты насихаттау және рухани құндылықтарды дәріптеу болды. Акция барысында ерекше белсенділік танытқан 5 «А», 5 «Б», 5 «Ә», 5 «В», 8 «Ә» сыныптары марапатталып, еңбектері жоғары бағаланды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Педагог-ұйыдастырушы:

Бисенова Аида
Кәрім Гүлнұр

№296 орта мектебінде «ДосболLIKE – достық қолын ұсын» акциясына

Анықтама

Тақырыбы: «ДосболLIKE – достық қолын ұсын»

Мақсаты: №296 орта мектебі 1–10 сыныптар арасында «ДосболLIKE – достық қолын ұсын» атты акциясын ұйымдастырды. Акцияның негізгі мақсаты – оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне қолдау көрсету, сыйластық пен ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ сыныптар арасында позитивті әлеуметтік орта қалыптастыру. Іс-шара арқылы оқушылар өз сыныптастарының және мектептегі әріптестерінің сенімді дос болуға деген ықыласын бағалай білді, достық пен жанашырлықтың мәнін түсінді.

Іс-шара барысында: Акция 1–10 сыныптар арасында өткізілді. Әр сынып өз деңгейінде акция ұйымдастырып, «достық қолын ұсыну» идеяларын түрлі формада көрсетті: бейнероликтер, плакаттар, шығармашылық жұмыстар, топтық тапсырмалар арқылы. Оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтып, қолдау білдіріп, достық қарым-қатынасты нығайтуға арналған іс-шараларға белсенді қатысты.

Акция барысында барлық сыныптар қатысып, өз жұмыстарын ұсынды. Әр сынып өз акциясын ұйымдастырып, достықты насихаттайтын ерекше әдістер мен шығармашылық шешімдер көрсетті. Қатысушылардың белсенділігі мен ынтасы ерекше байқалды, әрбір оқушы өз сыныбында достық байланыс орнатуға үлес қосты.

«ДосболLIKE – достық қолын ұсын» акциясы оқушыларға бір-біріне сенім білдіру, сыйластық пен достықты бағалау, сыныптағы жағымды атмосфераны сақтау сияқты маңызды дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

Күні: 4 ақпан

Қатысушылар: 1-10 сынып оқушылары



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Бисенова Аида

Педагог-ұйымдастырушы:

Кәрім Гүлнұр

**№296 орта мектебінде Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні аясында
«Қауіпсіз интернет ережелері» тақырыбында үздік постер байқауына**

Анықтама

Тақырыбы: «Қауіпсіз интернет ережелері»

Мақсаты: №296 орта мектебі Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні аясында «Қауіпсіз интернет ережелері» тақырыбында постер байқауын ұйымдастырды. Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың интернеттегі қауіпсіздік ережелерін түсінуін арттыру, заманауи технологияларды жауапкершілікпен пайдалану дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және цифрлық мәдениетті насихаттау болып табылады. Іс-шара барысында оқушылар интернет қауіпсіздігін сақтау бойынша өздерінің идеяларын, кеңестерін және ережелерді постерлер арқылы көрнекі түрде көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шара барысында: Байқауға барлығы 9 постер ұсынылып, әрқайсысы тақырыпқа сәйкес келетін шығармашылық және көрнекі шешімдерімен ерекшеленді. Постерлер әртүрлі номинациялар бойынша бағаланды: «Үздік креативті постер», «Қауіпсіздік ережелерін дұрыс көрсету» және т.б. Қатысушылардың еңбектері мұқият қаралды, нәтижесінде үздік постерлер анықталып, арнайы номинациялармен марапатталды.

Күні: 3 ақпан

Қатысушылар: 5-10 сынып оқушылары



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Бисенова Аида

Педагог-ұйымдастырушы:

Кәрім Гүлнұр

**№296 орта мектебінде «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» аясында өткізілген
«Тәртіп – тәрбиенің бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»
тақырыбындағы эстафеталық ойынға арналған**

Анықтама

Тақырыбы: «Тәртіп – тәрбиенің бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»
Мақсаты: 6-сынып оқушыларына заң мен тәртіптің қоғамдағы және мектеп өміріндегі маңызын түсіндіру, тәртіп сақтау мен жауапкершілікке баулу. Оқушылардың ұйымшылдығын арттыру, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, әділ бәсекеге және ереже талаптарын сақтауға тәрбиелеу. Сонымен қатар, оқушылардың дене белсенділігін арттыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, тәртіптілікке, төзімділікке және бір-біріне құрметпен қарауға үйрету.

Іс-шара барысында:

- «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» аясында 6-сыныптар арасында эстафеталық ойын өткізілді.
- Ойын барысында оқушылар шапшаңдық, ептілік, төзімділік пен ұйымшылдықтарын көрсетті.
- Эстафеталық ойын кезеңдері тәртіп сақтау, әділдік пен жауапкершілік қағидаларын негізге ала отырып ұйымдастырылды.

Жарыс қорытындысы бойынша:

- 🥇 I орын – 6 «Ә» сыныбы
- 🥈 II орын – 6 «Б» сыныбы
- 🥉 III орын – 6 «А» сыныбы



Күні: 15 қаңтар

Қорытынды: «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» аясында өткізілген эстафеталық ойын оқушылардың тәртіпке деген жауапкершілігін арттырып, заң мен тәртіптің маңызын терең түсінулеріне ықпал етті. Іс-шара оқушыларды ұйымшылдыққа, әділдікке және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуге бағытталды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Педагог-ұйыдастырушы:

Бисенова Аида
Кәрім Гүлнұр

№296 орта мектебінде Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Жырлайды жүрек» әдеби-сазды кешіне

Анықтама

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кеш №296 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Аталған іс-шараға 5–10 сынып оқушылары белсене қатысты.

Кештің мақсаты – оқушыларға ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру, көркем сөз оқу мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Іс-шара барысында оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақын сөзіне жазылған әндер шырқады. Әдеби кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігімен ерекшеленді. Кеш соңында қатысушыларға алғыс білдіріліп, ақын мұрасын дәріптеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатыны айтылды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Педагог-ұйымдастырушы:

Бисенова Аида
Кәрім Гүлнұр

№296 орта мектебінде «Салауатты өмір – жарқын болашақ» атты футбол турниріне

Анықтама

«Салауатты өмір – жарқын болашақ» тақырыбында мектебімізде 7-сынып оқушылары арасында футбол турнирі ұйымдастырылып өткізілді. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу, спортқа деген қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және ұжымдық бірлікті нығайту болып табылады. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру, өзара сыйластық пен жауапкершілік сезімін дамыту да турнирдің басты міндеттерінің бірі болды.

Турнирге 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» сынып оқушылары белсене қатысты. Жарыс жоғары деңгейде, тартысты әрі қызықты өтті. Оқушылар ойын барысында өздерінің ептіліктерін, шапшаңдықтарын, ұйымшылдықтарын көрсете білді. Әр сынып намысты қолдан бермей, жеңіске деген жігерін танытты.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын – 7 «А» сыныбы;

II орын – 7 «Ә» сыныбы;

III орын – 7 «Б» сыныбы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды. Турнир барысында оқушылар спорттың адам өміріндегі маңыздылығын түсініп, салауатты өмір салтын ұстанудың қажеттілігін сезінді.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:
Педагог-ұйымдастырушы:

Бисенова Аида
Кәрім Гүлнұр

№296 орта мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ақпан – жасампаздық және жанашылдық» айына орай ұйымдастырылған «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» іс – шарасына

Анықтама

Тақырыбы: «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»

Мақсаты: №296 орта мектебі 4–9 сыныптар арасында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты жарыс ұйымдастырды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, техникалық ойлауын дамыту, инновациялық жобалар жасауға ынталандыру, мектеп оқушыларына жаңа технологияларды және өнертапқыштыққа деген қызығушылықты арттыру болып табылады.

Іс-шара барысында: Іс-шараға 4–9 сыныптардан 9 команда катысты. Әр команда өздерінің жасаған құрылғыларын таныстырып, оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жан-жақты түсіндірді. Қатысушылар құрылғылардың жұмыс принципін, пайдасын, қолдану аяларын көрсету арқылы өз жобаларын қорғады.

Мектеп жанында орналасқан қазақ спорт кешені туралы өз жобасын таныстырған қатысушылардың бірі – Асылбек Гүлсезім ерекше назар аударды. Ол жобасында кешеннің құрылымы, функционалды мүмкіндіктері, спорттық және оқу процесін дамытуға қосатын үлесі туралы баяндап берді. Барлық командалар өз жұмыстарын толық таныстырды, шығармашылық және техникалық шешімдері бағаланды. Қатысушылардың еңбектері мектеп әкімшілігі мен әділ-қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды. Іс-шара соңында үздік командалар марапатталып, сертификаттар мен дипломдар табысталды.

Күні: 3 ақпан

Қатысушылар: 5-10 сынып оқушылары



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Педагог-ұйымдастырушы:

Бисенова Аида

Кәрім Гүлнұр

АНЫҚТАМА

Іс-шараның тақырыбы:

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»

Өткізілген күні: 03.02.2026 жыл.

Қатысқандар: 4-9 сынып оқушылары

Ұйымдастырушылар: Серікқызы Назгүл, Бозгүл Ербол

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ғылыми-техникалық ойлауын дамыту, жобалық жұмыс арқылы инновациялық идеяларын таныстыруға мүмкіндік беру, өнертапқыштыққа қызығушылығын арттыру.

Іс-шараның міндеттері:

Оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалау дағдыларын дамыту;

Инновациялық ойлау мен шығармашылық бастаманы қолдау;

Топта жұмыс істеу, өз ойын дәлелді жеткізу қабілетін қалыптастыру;

Жобаларды қорғау арқылы оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру;

Болашақ мамандыққа бағдар беру.

Жеткен нәтиже:

"AI дәуірі — Ақыл, Формула, Технология" атты математика, информатика және физика пәндер бірлестігінің апталығы аясында "Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам" атты іс-шарасы 2026 жылдың 3-ақпан күні өткізілді. Шараға 4-9 сынып оқушылары қатысты: 4а сыныбынан "Жұлдыз", "Робот алғырлары", "Lego Master" топтары құрылып, "Достық үйі", "Ақылды аттракцион", "Көлік машиналары" жобаларын көрсетті. "Зерттеушілер", "F2", "Болашақ" топтары Ардуино бағдарламасы арқылы "Зағип жандарға арналған ақылды таяқ", "Бағдаршам" жасап шығарды, 9-сынып оқушылары Асылбек Гүлсезім, Ерболұлы Әбілқайыр, Дидарұлы Дарын Archicad, Tinkercad бағдарламалары арқылы "Ақылды стадион", "Ақылды көлік тұрағының" 3d моделін көрсетті.

Қорытынды:

Барлық оқушылар алғыс хатпен марапатталды, әділ-қазы мүшелері сөз соңында өз ұсыныс-пікірлерін айтып қорытындылады.

<https://www.facebook.com/share/r/17AM8TLhNy/>



«Мен оқыған мектеп – оқуға құштар мектеп» тақырыбында кітап оқуды насихаттауға бағытталған танымдық іс-шараға арналған

АНЫҚТАМА

27 караша күні №296 орта мектебінде «Мен оқыған мектеп – оқуға құштар мектеп» тақырыбында кітап оқуды насихаттауға бағытталған танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шараға Қызылорда облыстық Ә. Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы Акмарал Әлімбекқызы арнайы шақырылып, 5 «А» сынып оқушыларымен «Кітап оқудың адам дамуына әсері» атты тренинг өткізді.

Тренинг барысында оқушыларға кітаптың адам тұлғасын қалыптастырудағы маңызы, ой-өрісті кеңейтудегі рөлі туралы мазмұнды ақпарат берілді. Оқушылардың оқыған шығармаларының атаулары сұралып, өз ойларын ортаға салуына мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, оқушылар суреттер арқылы мақал-мәтелдерді табу, кітап атауларын анықтау сияқты танымдық тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты.

Аталған іс-шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң ықпал етті.



Видеоға сілтеме: <https://www.facebook.com/share/r/IFo2p8BWMa/>

№296 орта мектебінде «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» танымдық ашылуына арналған

Анықтама

Тақырыбы: «Қаңтар – заң мен тәртіп айы»

Мақсаты: Мектеп оқушыларына заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызын түсіндіру, құқықтық сауаттылықты арттыру және заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру. Әрбір оқушының өз құқықтары мен міндеттерін білуіне, тәртіп сақтау мен жауапкершіліктің маңызын ұғынуына ықпал ету. Сонымен қатар, оқушыларды адалдыққа, әділдікке, тәртіптілікке тәрбиелеу арқылы мектепте қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Іс-шара барысында:

- Ашылу салтанатында оқушыларға «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» тақырыбында презентация ұсынылып, заң мен тәртіптің маңызы бейнематериал (видео) арқылы түсіндірілді.
- Оқушылардың құқықтық білімін арттыру мақсатында жағдаяттық тапсырмалар беріліп, сұрақ-жауап жұмыстары жүргізілді.
- Сонымен қатар, оқушыларға «Заң мен тәртіп айы» аясында қаңтар айында өткізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды..

Қатысушылар: 7-10 сынып оқушылары

Күні: 9 қаңтар



Қорытынды: «Қаңтар – заң мен тәртіп айы» аясында өткен іс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, заң мен тәртіптің маңызын түсінуге ықпал етті. Презентация, бейнематериал және жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін меңгеріп, тәртіп пен жауапкершіліктің қажеттілігін ұғынды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Бисенова Аида

Педагог-ұйыдастырушы:

Кәрім Гүлнұр